



Мектеп директоры: Ис

Исатаева Б.Т. 02.09.2024 ж.

Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Еркіншілік ауылы,
«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



«Абай» клубы

2024-2025 оқу жылы

«Абай» клубының мақсаты:

Қазақтың бас ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығын рухани құндылықтар арқылы жас ұрпақ бойына сіңіру.

Абай шығармалары арқылы оқушы дүниетанымдық ой-өрісін кеңейту. Абай мұрасын оқыту арқылы шығармашылықпен айналысатын, рухани дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ойлармен үндестігін түсіндіру; олардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, мәдениетін дамыту.

«Абай» клубының міндеттері:

- ақынның қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту;
- ақынның туындыларын оқыту арқылы оқушылардың ұлттық танымын қалыптастыру, шығармашылық қиялын дамыту, автордың ұстанымын түсінуге баулу;
Абайдың ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы айтқандарын оқыту арқылы жастарды өмірден өз орнын табуға шақыру.
Ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
- Абай өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқып, оны талдай білу деңгейіне жеткізу;
- Абай мұрасын оқып үйрене отырып, алған білім мен дағдыларын әртүрлі жағдаяттар мен сайыстарда қолдана алуға тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- -Абай туралы, оның асыл қазынасы туралы білімдері толығады.
- -Білім сапалары артады.
- -Поэзияны сүйетін, эстетикалық сезімдері, дүниетанымдары жетілген тұлғалық қасиеттері дамиды.
- -Адамды құрметтеу, оны бағалау сезімдері артады.
- -Ұлтжандылық, Отансүйгіштік сезімдері қалыптасады. Азаматтық позициялары беки түседі.
- -Адамзат баласын құрметтеу, ізгілік пен имандылықты өмірінің мақсаты ете білетін әділ, «халық» деп соққан жүрегі бар жан-жақты тұлға қалыптастыруға қол жеткізуге болады.



Бекітемін: Ис
Мектеп директоры:
Исатаева Б.Г

09 2024ж

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылындағы «Абай» клубының іс-шаралар жоспары**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ұйымдастыру шарасы. Клубқа оқушыларды қабылдау. Жұмыс жоспарын бекіту	1	Қыркүйек	Жетекші
2	Абай деп соққан жүректер (шығарма)	1	Қазан	2-5 сыныптар
3	Абай оқулары «Өлең сөздің патшасы-сөз сарасы» мәнерлеп оқу сайысы	1	Қараша	Клуб мүшелері
4	«Абайдың қара сөздері және менің ойларым» эссе	1	Қараша	9-11 сыныптар
5	Табиғат лирикасы (Абайдың табиғат құбылыстарына жазылған өлеңдерін суреттеу)	1	Желтоқсан	Клуб мүшелері
6	Ұлы сөздің қадірін білгің келсе «Абайды оқы ерінбе» сайыс сабақ	1	Қаңтар	Жетекші, клуб мүшелері
7	«Көңілім әнді сүйеді» ән байқауы	1	Ақпан	Клуб мүшелері
8	«Ұлы халықтың – ұлы Абайы» көрме	1	Наурыз	Кітапханашы (орыс тілді сыныптар)
9	«Абай- дана, Абай –дара қазақта» тәрбие сағатын өткізу	1	Сәуір	5-7 сыныптар
10	М.Әуезовтың «Абай жолы романынан бір үзік сыр» көрініс	1	Сәуір	Музыка жетекшісі
11	Қорытынды. Ақпараттар тарату. Мақалалар жазу	1	Мамыр	Клуб жетекші

Клуб жетекшісі: Аманбек Гулдаурен